

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНЫҢ ЖОҚТЫҒЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ТУРАЛЫ АРЫЗ-МІНДЕТТЕМЕ

Мен, (ТАӨ) _____

сыртқы сарапшылар комиссиясының мүшесі ретінде

іске асыратын ЖОО/білім беру бағдарламасына (білім беру бағдарламаларына) сыртқы сараптама жүргізу кезінде Аккредиттеу жөніндегі сыртқы сарапшының этикалық кодесінің нормаларын бұлжытпай сақтауға міндеттенемін.

Мен осы ЖОО-ның қызметкері болып табылмаймын және ешқашан болған емеспін және бағаланатын ЖОО-ны/бағдарламаны (бағдарламаларды) аккредиттеу процесі бойынша қандай да болмасын консультациялық қызметтер көрсетпеймін, осы ЖОО-ға менің ықтимал жұмысқа орналасуым туралы келіссөздерге қатысқан жоқпын және қатыспаймын, осы ЖОО-ның студенті, аспиранты болған жоқпын және болып табылмаймын не осы ЖОО-ны 5 жылдан артық уақыт бұрын аяқтаған жоқпын, осы ЖОО-да ғылыми дәрежені ізденуші болған жоқпын және болып табылмаймын және соңғы 5 жыл ішінде осы ЖОО-ның диссертациялық кеңестерінде диссертациялар қорғаған жоқпын.

Менде ЖОО-ның/білім беру бағдарламасының (білім беру бағдарламаларының) сараптамасын жүргізуге не мен шығаратын шешімдердің объективтілігіне ықпал етуі мүмкін басқа әлеуетті мүдделер қақтығысы жоқ.

Мен ЖОО-ның/білім беру бағдарламасының (бағдарламаларының) сыртқы сараптамасын жүргізу кезінде Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі – АРТА) мүдделерін теріс пайдалану жағдайын тудыруы мүмкін кездесулер мен шешімдерден ерікті түрде шеттетілуге, сондай-ақ менің жеке мүддемнің сыртқы сараптама рәсімінің объективтілігіне ықпал етуі мүмкін ЖОО/білім беру бағдарламасын (бағдарламаларын) аккредиттеудің қоғамдық-кәсіби мүдделерімен барлық қайшылықтары туралы хабарлауға міндеттенемін.

Мен сараптаманың нәтижесіне ықпал етуі мүмкін білім беру ұйымынан ақшалай сыйлықақылар немесе басқа сыйлықтар қабылдамауға; сарапшы ретінде менің өкілеттігінен асатын іс-әрекеттер жасамауға міндеттенемін.

Мен сыртқы сараптама комиссиясының сарапшысы ретінде мен алған барлық ақпарат және құжаттама құпия болып табылатынын және тек ЖОО/білім беру бағдарламасын (бағдарламаларын) аккредиттеу үшін пайдаланылуы тиіс екенін түсінемін.

Мен алынған ақпаратты білім беру ұйымының және Агенттіктің келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеуге не оны жарияламауға міндеттенемін.

Мен білім беру ұйымының өкілдеріне бағалаудың жұмыс құжаттарының мазмұнын хабарламауға міндеттенемін.

Мен ЖОО-ны/бағдарламаның (бағдарламалардың) сапасын бағалау рәсімі аяқталғаннан кейін сараптамалық бағалау туралы түпкілікті есепті тапсырған соң маған берілген барлық құжаттарды жоюға міндеттенемін.

Т.А.Ә.

ҚОЛЫ

Күні

